

А. БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ АТАСЫ

Байменова Б.Ж.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болып отырған бүгінгі күні әлеуметтік өміріміздің барлық саласында сан түрлі өзгерістер пайда болуда. Бұл өзгерістер, әрине, тіл білімі ғылымына өз әсерін тигізуде.

Тілдің ғылымға қызмет етерлік қабілеті болу үшін, тіл иесі – халық ғылымның сан тармасын дамытуға тиіс. Бұл әрбір тілдің өз мүмкіндігінен туындап жататын заңды құбылыс. Бүгінгі заман талабына сай қоғамның сан саласы бойынша күнделікті еніп жатқан атаулар тасқыны қазақ тілі терминологиясының жүйесі бағытында зиялы қауымның алдына үлкен міндет қойып отыр.

Қоғам өміріндегі өзара қарым-қатынастың ең басты құралы болып танылатын тілді әлеумет өте жоғары бағалап, оның өзгерістерін қадағалап отырады. Тіл қоғамдық құбылыстың түрі ретінде сол қоғам құрылысын өрнектейді. Яғни, қоғам өміріндегі болған, болып жататын құбылыстардың бәрі тілден орын алады да, тіл көмегі арқылы халық қазынасына айналады. Қоғам мен тіл бірінсіз бірі күн кеше алмаса керек. Халық тарихы, оның тілінде, яғни тіл фактілері арқылы біз халық тарихын тануға мүмкіндік аламыз.

Қоғам дамуы арқылы тіл де дамиды. Тілдің қоғамдық қызметі дамыды деп, осыны айтқызатын терминологиялық лексика. Терминологиялық лексиканы зерттеуде және оның қоғам үшін маңызын анықтауда А.А.Реформатскийдің, В.В.Виноградовтың, Р.А.Будаговтың, О.С.Ахмановтың т.б. зерттеуші ғалымдардың рөлі ерекше болды.

Термин жөнінде ғылыми анықтағыш еңбектерде түрлі мәлімет беріледі. Дәл анықтамалар теруге тырысатын энциклопедиялық сөздіктер.

«Термин» Рим мифологиясында шекара, шек деген ұғымды білдіретін латын сөзі. Бұл 1980 жылы Мәскеуде жарық көрген бір томдық «Советский энциклопедический словарь» – деген еңбекте берілген анықтама. Терминология мәселесімен айналысқан ғалымдардың қай-қайсысы да, ең алдымен мазмұны мен мәнін ашып, анықтамасын айқындап беруге тырысып отырған.

Ғылымды дамытатын деген ел, ең алдымен оның неше алуан арнаулы ұғым, түсініктерін нақты өрнектейтін арнайы лексикасын жасайды. Әрине, бұл аспаннан түскен, не жер астынан қазылып алынған нәрсе емес, әрбір тілдің өз мүмкіндігінен туындап жататын заңды құбылыс болуға тиіс. Бұл арнайы лексика деп отырғанымыз – тілдің ғылыми сипат алған тер-

минологиялық жүйесін жасау мен қалыптастыруда әр алуан кезендерді бастап өткізді. Қазақ тілі де солай.

Сөйтіп, қазақ тілінің терминологиялық жүйесін сөз еткенде, біз осы проблеманың тууына, жасалуына, қалыптасуына тікелей қатысы болған, бастауында тұрған, негізін салған екі алыпты ең алдымен еске алуға міндеттіміз. Бірі – Ахмет Байтұрсынов та, екіншісі – Құдайберген Жұбанов.

А.Байтұрсынов – қазақ тілі мен әдебиеті терминдерін жасап, қалыптастырушы болса, соған іле-шала бұның ғылыми проблемаларын сөз етіп, оны ғылым объектісіне айналдырған, – Құдайберген Жұбанов деп айтуға болады.

Қазақ тілін талдап – тануға Байтұрсыновтың еңбегін бір тұрғыдан ерекше бағалау керек. Ол термин жасаудағы іс-әрекеті 1910 жылы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде қазақ жазуы жайында жазған мақалаларында қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: дыбыс, әріп, емле, үтір, нүкте, буын, әліппе, сөз аяғы, сөз басы, дауысты дыбыстар деген сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен, белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты аталып отырғаны тұңғыш рет.

Қазақ тілі терминдерін жасауды алғашқы мақала пікірлерінде бастаған А.Байтұрсынов өзінің үш бөліктен тұратын еңбегі «Тіл құралда» дамытып ұластырып алып кетеді. «Тіл құралдың» дыбыс жүйесін талдайтын бірінші бөліміне ол алдымен алғы сөз (сөз басы) жазып кітаптың мәнін, мақсатын түсіндіреді. Тұңғыш рет ауызша сөйлеу мен жазып сөйлеудің маңызын ғылыми тілмен баяндай келе “әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызуға үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен өтініп, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз” деп болжауы қазіргі кезеңде де мәнді пікір болып тұрған жоқ па?

Ол қазақ тілінің бұдан былайғы жерде негізгі жұмыс құралына айналуға тиісті сөз, сөйлем, сөйлеу, буын, дыбыс, таңба, әріп, тұлға, түбір, жалғау, жұрнақ, қосымша, тасымал, тәрізді болып жатқан атауларды тауып, орын – орнына қойып, қалыптастырады, әрқайсысына нақты қызмет береді.

Дыбыстардың не екенің, оның құрамын, түрлерін анықтай отырып, олардың ең алдымен дауыссыз, дауысты деленің, одан әрі қарай жарты дауысты дыбыстар, қатаң дыбыстар, ұяң дыбыстар, ымыралы дыбыстар, ымырасыз дыбыстар деп түр-түрге бөлінгенін, айтып, әрі қысқа, әрі нұсқа түсіндіреді. Әрбір дыбыстың айтылу ерекшелігіне, сөз материалы есебіндегі ішкі, тысқы ажарына соншама зергерлікпен үңіліп, әрқайсысына өзіне лайықты ат тауып, шатыстырмай саралан шығуы нағыз білімдарлықтың, тілдің не бір нәзік тіліне дейін үңгіп, ене алатын қабылет – дарыны зерек, лингвистік болмысынан еді. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін саралауға байланысты туған бұл терминдік ұғымның бәрі қалыптасты, тек ымыралы, ымырасыз деген тәрізді сөздердің қолданысы ғана онша өрістей алмады. Оның есесіне жеті септік – атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес деген терминдер өзінің дәлдігімен, өнершешендігімен ерекшеленеді.

Жалпы термин жасау дағдысына А.Байтұрсынов ұстанған принципі термин жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану.

А.Байтұрсыновтың еңбектеріне тыйым салғаннан кейін, ғылымның дәстүрлі ісін, яғни ғылымның заңды сабақтастығын оның талантты ізбасары Қ.Жұбанов өзінің білімін ең алдымен туған халқын сауаттандыру жолына жұмсайды. Алфавит, орфография, терминология мәселесін

қалыптасқа түсірмей, ешбір халық сауатты бола алмайтынын түсінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Әдебиет танытқыш», «Тіл құрал» кітаптары 1873-1938 ж.ж. – қазақ ақыны, публицист, жазушы.
2. Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы: «Ғылым». – 7890 ж.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 141-263 б., 417-427 б.
4. Айнабаев Ө. Термин және аударма. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 144-152 б.
5. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы //Қазақстан әйелдері. – 1989. – №4.
6. Головин Б. Лингвистические основы учения о терминах. – М.: «Высшая школа», 1987. – №6 – II б.

Резюме

В статье показана история развития терминологии казахского языка, у истоков которой стоял выдающийся деятель казахского народа писатель, поэт лингвист Ахмет Байтұрсынов.

Conclusion

In this report we show the development of terminology of Kazakh language, where prominent representative of Kazakh literature, poet and linguist Ahmet Baitursynov made a big work.

К ИСТОРИИ ОДНОГО ДОКУМЕНТА

Бекмагамбетова М.Ж.

Идейный вдохновитель «Малого Октября» Ф. Голощекин, сконцентрировал усилия советских и партийных органов на свертывание новой экономической политики, скорейшей советизации казахского аула. Эти задачи должны были решаться путем полного демонтажа структур и механизмов жизнеобеспечения традиционного казахского общества. Практически не вникая в понимание ситуации, сложившейся в традиционном казахском обществе, не отдавая должного месту и роли казахских баев в нем, советская власть начала массовую конфискацию имущества и скота у них. Об этом свидетельствуют нормативные акты и директивные распоряжения партийных и советских органов, основанные на категориях «казахские баи-феодалы и полуфеодалы», «средняк», «бедняк», «кулак», «классовое расслоение», «классовая борьба в ауле» и т.д., которые были оторваны от реального поло-

жения дел в казахском ауле. Глубокое заблуждение руководителей советской власти, не владеющих реальным положением дел, якобы о господстве патриархально-феодалных отношений в казахском ауле привело к ускорению сроков социально-экономических преобразований в республике и, как следствие, применению насильственных методов [1, 72].

С момента назначения Ф. Голощекина первым руководителем партийной организации - Казахстана конфискация имущества у казахских баев отражала прежде всего идею советизации казахского аула, положившей начало интенсивному формированию тоталитарного режима в республике. Сама же кампания по конфискации имущества баев стала составной частью политики «Малого Октября», разрушавшей традиционное казахское общество.

В начале мая 1928 года ЦК ВКП(б) издал